

историческому прошлому Казахстана, к национальным традициям и обычаям казахского народа и диаспор страны;

– создание и обеспечение реализации возможностей для более активного вовлечения молодых людей в решение научно-образовательных, социально-экономических, культурных, правовых, экологических и ряда других общественно значимых проблем;

– воспитание молодежи в духе уважения к Конституции Республики Казахстан, приверженности к законности и правопорядку;

– привитие казахстанской молодежи чувства гордости, глубочайшего уважения и почитания государственных символов – Герба, Флага, Гимна Республики Казахстан и исторических святынь страны;

– воспитание уважения традиций и обычаев многонационального и многоконфессионального Казахстана;

– создание условий для усиления патриотической направленности телевидения, радио, школьных и вузовских учебников, Интернета и других средств массовой информации при освещении событий и явлений общественной жизни;

– активное противодействие пропаганде образцов массовой западной культуры, экстремистских идей, основанных на культе насилия, искажению и фальсификации национальной истории Казахстана;

– формирование расовой, национальной, религиозной терпимости, развитие дружеских и братских отношений между представителями более чем 140 наций и народностей.

Осуществление патриотического воспитания студентов в вузе на основе совокупности общепедагогических и специфических принципов позволит обеспечить эффективность патриотического воспитания студентов и в целом воспитательного процесса /6/.

В решении проблем гражданско-патриотического воспитания современного поколения должна в первую очередь принимать участие сама молодежь, осознавая всю важность своего участия в жизни Родины, любить, знать и уважать ее культуру, традиции и историю. Однако направлять действия молодежи в нужное русло должно как государство, так семья, школа и вуз. И их основная задача заключается во взаимодействии с целью формирования национального самосознания, гражданственности и патриотизма у современной молодежи.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Даль В.И. Толковый словарь живого великорусского языка. – М., 1955.
- 2 Педагогический энциклопедический словарь / Гл. ред. Б.М. Бим-Бад. – М.: Большая Российская энциклопедия, 2003.
- 3 Назарбаев Н.А. Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства.
- 4 Послание Президента РК Назарбаева Н.А. народу Казахстана.
- 5 Джилкишиева М.С. Патриотическое воспитание как актуальная педагогическая проблема // Научный мир Казахстана. 2008.
- 6 Хайруллина Н.А. Воспитание казахстанского патриотизма // Професионал Казахстана. – 2004.

СТУДЕНТТЕРДІ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ӘДІСТЕРІ

Безаубекова А.Д.,

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты, Қостанай қ.

Әдістерді анықтау үшін негіз ретінде ғалым-педагогтар тәрбиелік өзара әрекеттесу тәсілдерін таңдауда тәрбиеші-куратордың ұстанымына бағдарланады. Куратор мен студенттің арасында анықталатын бірқатар өзара әрекеттесуді атап көрсетуге болады: студенттің өзіне, өзінің отбасына қатынастарының сипатына ықпал ету тәсілдері; оны құрдастарымен,

жұмыс-тағы қызметкерлерімен қатынасу жүйесіне қосу; көзқарасты түзету тәсілдері, құнды мақсаттарды және тәртіп стилін өзгерту. Яғни тәрбиелеу әдістерінің бір мағыналы анықтама-сы болмайды.

Сонымен бірге, студенттің қоғамға немесе өз-өзіне, қызметі тақырыбына немесе тәсіліне, басқа адамға немесе адамдардың тұтас тобына қатынастарын өзгертуге олардың ортақ бағытталғандығы айқындалған. Бұдан тәрбиелеу әдісі адамға ықпал етудің ғана емес, сонымен бірге өзара әрекеттесу құралдарының бірі болып табылатыны шығады.

Тәрбиелеу әдісі оны құраушы элементтерге (бөліктерге, тетіктерге) ыдырайды, олар әдістемелік тәсілдер деп аталады. Әдіске қатысты тәсілдер жеке, бағынышты сипатта болады. Олардың өзіндік педагогикалық міндеттері болмайды, берілген әдіс көздейтін міндетке бағынады. Әр түрлі әдістерде сол және бір әдістемелік тәсілдер пайдаланылуы мүмкін. Және керісінше, әр кураторда сол және бір әдіс әр түрлі тәсілдерден құралуы мүмкін.

Тәрбиелеу әдістері және әдістемелік тәсілдер өз арасында тығыз байланысқан, олар өзара ауысуы, нақты педагогикалық жағдайларда бір-бірін ауыстыруы мүмкін. Бір жағдайларда әдіс-педагогикалық міндетті шешудің өзіндік жолы ретінде, басқа жағдайда жеке тағайындалған тәсіл ретінде болады. Мысалы, әңгімелесу сананы, көзқарастар мен нанымдарды қалыптастырудың негізгі әдістерінің бірі болып табылады. Сонымен бірге ол патриоттық тәрбиелеу моделін іске асырудың әр түрлі кезеңдерінде пайдаланылатын, негізгі әдістемелік тәсілдердің бірі болуы мүмкін.

Сөйтіп, әдіске бірқатар тәсілдер кіреді, бірақ оның өзі олардың қарапайым қосындысы болып табылмайды. Сонымен бірге тәсілдер куратор жұмысы әдістерінің алуан түрлілігін анықтайды, оның педагогикалық қызметінің мәнеріне даралылық береді. Жоғарыдан тәрбиелеу әдістері – бұл куратор мен студенттердің жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру міндеттерін шешу бойынша бірлескен мақсатқа бағытталған қызметінің тәсілдері екендігі шығады.

Осы уақытқа қарай тәрбиелеу әдістерінің мәні мен жұмыс істеу заңдылық-тарын ашатын ауқымды ғылыми қор жинақталған. Оларды жіктеу ортақты және ерекшені, елеуліні және кездейсоқты, теориялықты және практикалықты айқындауға көмектеседі, және сонымен бірге олардың мақсатқа сәйкес және аса тиімді пайдаланылуына мүмкіндік туғызады, жеке әдістерге тән белгілердің тағайындалуын түсінуге көмектеседі.

Жоғарыда айтылғаннан тәрбиелеудің жалпы әдістерінің жүйесін ұсынамыз:

- жеке тұлғаның санасын қалыптастыру әдістерін;
- жеке тұлғаның қызметін ұйымдастыру және қоғамдық тәртібінің тәжірибесін қалыптастыру әдістері;
- жеке тұлғаның қызметі мен тәртібін ынталандыру және мотивациялау әдістері;
- тәрбиелеудегі бақылау, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі бағалау әдістері.

ЖОО жағдайларындағы олардың айрықша ерекшеліктерін нақтылап, тәрбиелеу әдістерінің мысалдарын келтіреміз. Берілген жұмыста біз В.А. Сластенин ұсынған тәрбиелеудің жалпы әдістерінің жүйесін ұстанатын боламыз.

Тәрбиелеу процесінің нақты жағдайларында әдістер күрделі және қарама-қайшы бірлікте болады. Мұнда жеке «жалғызданған» құралдар логикасының емес, ал олардың үйлесімді ұйымдастырылған жүйесінің шешуші маңызы болады. Әрине, тәрбиелеу процесінің қандай да бір кезеңінде сол немесе басқа әдіс азды-көпті оқшауланған түрде қолданылуы мүмкін. Бірақ басқа әдістермен сәйкесінше бекітпей, олармен өзара әрекеттестірмей ол өзінің тағайындалуын жоғалтады, тәрбиелеу процесінің көзделген мақсатқа қозғалуын баяулатады.

Жеке тұлғаның санасын қалыптастыру әдістері.

Әңгімелесу – бұл сипаттамалық немесе әңгімелеу түрінде жүзеге асырылатын, басым көпшілігінде нақтылы материалдың жүйелі баяндалуы. Жеке тұлғаның патриоттық қасиеттерін тәрбиелеу кезінде берілген әдіс куратор сағаттарында Қазақстанның көрнекті адамдарының өмірбаяндық материалын баяндағанда, бейнелерді сипаттағанда, тарихи дәстүрлерді, ұлттық мәдениетті, қоғамдық өмір оқиғаларын және т.б. сипаттағанда кеңінен қолданылады.

Әңгімелесуге тәрбиелеу қызметінің әдісі ретінде бірқатар талаптар қойылады: баяндау қисындылығы, жүйелілігі және дәлелділігі; нақтылық, бейнелілік, эмоциялылық.

Егер қандай да бір ережелердің (заңдардың, принциптердің, ережелердің, тәртіп нормаларының және т.с.с.) дұрыстығын дәлелдеу қажет болған жағдайларда әңгімелесудің көмегімен айқын және нақты түсіндіруді қамтамасыз ету мүмкін болмаса, түсіндіру әдісі қолданылады. Түсіндіруге берілген пікірдің ақиқаттылығын анықтайтын, қисынды байланысқан ой тұжырымдарын пайдалануға негізделген, баяндаудың дәлелдемелік нысаны тән. Көптеген жағдайларда түсіндіру студенттердің бақылауымен, тәрбиелеу процесін ұйымдастырушының оларға және керісінше сұрақтарымен үйлеседі және әңгімеге ұласуы мүмкін.

Сұхбат – бұл тәрбиелеу процесін ұйымдастырушының және студенттің белсенді өзара әрекеттесуінің сұрақ-жауап әдісі. Сұхбатта негізгісі – бұл студенттерді субъектімен көзделген тәрбиелеу процесінің мақсатына біртіндеп әкелетін сұрақтардың мұқият ойластырылған жүйесі. Сұхбатқа дайындалып, ол тәртіп бойынша, негізгі, қосымша, жетекші, нақтылаушы сұрақтарды көздеуі тиіс.

Дәріс, әдіс ретінде, куратор сағаттарын өткізгенде көбінесе әңгімеге жақын болуы, сонымен бірге үлкен ақпараттық-танымдық сыйымдылығымен, қисынды құрылымдардың, бейнелердің, дәлелдемелер мен жалпылама қорытынды-лардың күрделілігімен ерекшеленуі тиіс.

Патриоттық тақырыптама бойынша дәрістердің өзгешелігі тақырыптың сипатынан, құрылым нысанынан, ғылыми және идеологиялық ақпараттың көлемінен, студенттердің бойында Отанды қорғауға әзірлікті қалыптастыру бойынша функционалдық мүмкіндіктерден айқындалады.

Дәрісті ақпараттық технологияларды пайдалану, бейне-дәрістер көрсету, электрондық презентациялар әзірлеу арқылы жүргізу мақсатқа сәйкес болады.

Сондай-ақ патриоттық тәрбиелеу әдістеріне пікірталастар мен диспуттар жатады, алайда оларды студенттердің танымдық және жалпы алғанда әлеуметтік белсенділігін ынталандыру әдістері ретінде қарастыруға болатынының негізі аз емес.

Танымдық дауласу жағдайлары, пікірталастар оларды шебер ұйымдас-тырғанда студенттердің назарын жеке тұлғаның патриоттық қасиеттерін дамыту проблемасы бойынша әр түрлі ғылыми көзқарастарға аударады, дәлелдеуге арналған әр түрлі амалдарды ұғынуға түрткі болады. Сонымен бірге егер студенттерге сол немесе басқа құбылыстың себептері туралы өз пікірлерін айту, қалыптасқан түсініктерге өзінің көзқарасын негіздеу ұсынылса, мысалы, «Қазақстандық патриотизмді қалыптастырудағы отбасылық құндылықтардың ролі» 5 тақырыбы бойынша (1-семестр), олар бір қарағанда кәдімгі пікірталас-тық емес сұрақтарды зерделеу кезінде де құрылуы мүмкін. Пікірталастың міндетті шарты – талқыланатын мәселе бойынша кем дегенде екі қарама-қарсы пікірдің бар болуы. Әрине, пікірталаста соңғы сөзді куратор алуы тиіс, алайда бұл оның тұжырымдары – соңғы сатыдағы ақиқат дегенді білдірмейді.

Пікірталасты өткізу мұқият жоспарлануы тиіс, ал қатысушылар ол өткізілгенге дейін тақырыбымен танысуы, өзінің көзқарасын дәлелді түрде негіздеуі үшін, алғашқы деректер көздерінің жеткілікті санын зерделеуі тиіс.

Онда дегенмен қалыптасқан және ғылыми беделдермен қабылданатын шешім қабылдануы тиіс болатын пікірталастан ерекшелігінде, пікірталас патриоттық қызмет процесінде пікірлерді, бағаларды және нанымдарды қалыптастыру әдісі ретінде белгілі және түпкілікті шешімдерді талап етпейді. Диспут, пікірталас сияқты, бұрын ашылған заңдылыққа негізделген, ол мынадан тұрады: пікірлердің, әр түрлі көзқарастардың кездесуі барысында алынған білім ылғи да жалпыланғандықтың, төзімділіктің және икемділіктің жоғары өлшемімен ерекшеленеді. Диспут қалыптасатын жеке тұлғасы өмірдің мазмұнын ынтыға іздеумен, ештеңені сенімге қабылдамауға ұмтылумен, ақиқатты анықтау үшін фактілерді салыстыруды қалаумен сипатталатын студенттердің жас ерекшеліктеріне жақсы сәйкес келеді.

Диспут ұғымдар мен дәлелдерді талдауға, өз көзқарастарын қорғауға, оларға басқа адамдарды сендіруге мүмкіндік береді. Диспутқа қатысу үшін өз көзқарасыңды айту аз болады, қарама-қарсы пікірдің күшті және әлсіз жақтарын байқау, бір көзқарастың қателігін жоққа шығаратын және екіншісінің дұрыстығын растайтын дәлелдемелерді таңдау керек.

Алайда, диспуттар мен пікірталастардың студенттердің патриоттық қасиеттерін қалыптастырудың тиімді құралы болып табылуына қарамастан, олар тым жиі өткізіле алмайды, семестрде 1 реттен жиі өткізілмеуі тиіс, өйткені аса мұқият дайындықты талап етеді.

Жеке тұлға түсіндіру мен сендіру құралдары ретінде сөз бен ойдың әсер етуі нәтижесінде ғана дамымайды. Басқа адамдардың тәртібі мен қызметінің жақсы үлгілері мен мысалдарының үлкен тәрбиелік мәні бар. Үлгі әдісі студенттерде биік ойлар тудыру, «өмірді кімге қарап жасау керек» деген игілікті мақсат-перспективаны анықтау үшін пайдаланылады. Үлгіге сүйену саналы сипатты болады, студенттер өздері таңдаған тұлғаның жеке қасиеттерін, ішкі қасиеттерін, кейде сыртқы мәнерлерін пайдаланады. Ежелгі Рим философы Сенека: «Жақсылыққа адамгершілік қағидалары арқылы жету қиын, мысалмен жету оңай» – деп пайымдаған.

Қоғамдық пікір. Бұл – студенттер ұжымы қызметінің әдісі. Қоғамдық пікір ұжымның дамуымен және қалыптасуымен бірге құрылады және ұжымның студенттің жеке тұлғасына әсер ету әдісі болып табылып, ұжымда жұмыс істейді. Әдетте берілген әдіс, студенттердің әдеттерін, әрекеттерін, пікірлерін анықтап, олардың тіршілік әрекетінде елеулі роль атқарады. Ол бағалау, шектеу және ынталандыру қызметтерін орындайды. Бірақ қоғамдық пікір кездейсоқ құрылмайды. Осы күрделі және нәзік процеске студенттер де, тәрбиелеу процесін ұйымдастырушылар да қатысады.

Сендіру. Сендіру әдісінің ролі патриоттық тәрбиелеу процесінің студенттердің саналылығын дамытумен, олардың тәртіп ережелерін және қоршаған болмысты түрлендірудегі өзінің орнын түсінумен табиғи байланысты болуымен анықталады.

Жеке тұлғаның қоғамдық патриоттық мінез-құлқының қызметін ұйымдастыру және тәжірибесін қалыптастыру әдістері

Үйрету әдісін қолдану кейбір педагогикалық шарттардың сақталуын талап етеді. Ненің меңгерілуі тиіс екендігі туралы анық түсініксіз үйрету мүмкін емес. Студенттерге іс-қимылдардың сол немесе басқа бейнесін белгілей отырып, оны аса қысқа және айқын ережеде білдіру қажет. Әрбір берілген уақыт бөлігіне олардан патриоттық тәртіп түрі қалыптасатын, минимум жеке іс-қимылдар ерекшеленуі тиіс. Тәрбиелеу процесін тәжірибелі ұйымдастырушылар патриоттық тәртіптің тәрбиеленетін түрінің үлгісін көрсетуге, оған оң көзқарасты құруға үлкен мән береді. Әдетті қалыптастыру үшін уақыт талап етіледі. Алдымен жасалатын іс-қимылдың дәлдігіне және сонан кейін ғана жылдамдығына қол жеткізу керек. Үйрету әдісі іс-қимылдың орындалуын бақылауды болжайды, ол студенттерге мейірбанды, мүдделі қатынасты, пайда болатын қиындықтарды айқындау мен талдауды, әрі қарай жұмыс істеу тәсілдерін талқылауды талап етеді. Студенттердің өзін-өзі бақылауын ұйымдастыру одан да маңызды болады.

Үйрету әдісі жаттықтыру әдісімен тығыз байланысты. Жаттығудың механикалық дағдыландырумен және тәртіптік психология: ынта-реакция-бекіту рухында жаттықтырумен ортақ ештеңесі жоқ.

Әдетте тәрбиелеудегі жаттықтыру әдісі деп студенттердің дұрыс тәртібінің, міндеттерді шешудегі дербестілік тәжірибесін жинақтауына, олардың жеке қасиеттерін, сезімі мен еркін дамытуға, жақсы әдеттерді қалыптастыруға, білім, сендіру және тәртіп, сөз бен іс арасындағы бірлікті қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін, күнделікті өмірді, оқыту процесін, қызметті ұйымдастыру жүйесін түсінеді.

Педагогикалық талап. Педагогикалық талап патриоттық тұлғаның дамуын басып озбай, сонымен қатар студенттің өз-өзіне қоятын талаптарына ауысуы тиіс. Талап оның алдында сол немесе басқа қызмет, мысалы, азаматтық парызын орындауға әзірлігі процесінде жүзеге асыруға тиесілі нақты міндет ретінде болуы мүмкін.

Кеңес беру. Бұл әдіс ЖОО-да айтарлықтай танымал және қолдануда қарапайым. Тәрбиелеу процесін ұйымдастырушылар өз тәжірибесіне сүйеніп, оны студенттерге кеңес беру арқылы беруге талпынады. Бұдан басқа, кеңес беруді пайдаланып, оқытушы (немесе студенттер) жол-жөнекей, ығыр қылмайтындай, өзінің студенттердің қылықтарына, іс-қимылдарына, пікірлері-не өз көзқарасын жеңіл түрде білдіреді және осылайша оларды өзгертуге талпынады. Бұл кеңестердің ішкі мағынасын ұғыну және дараландыру үшін, олардың адресатпен қабылдануы өте маңызды.

Жеке тұлғаның қызметі мен тәртібін ынталандыру және мотивациялау әдістері

Кез келген қызмет аса тиімді өтеді, егер жеке тұлғаның бар күшін салып белсенді әрекет ету, алға қойған мақсатқа табандылықпен жылжып, шарасыз қиындықтарды, қолайсыз жағдайлар мен басқа жағдайларды жеңу тілегін тудыратын, күшті, айқын, терең дәлелдер бар болса, сапалы нәтижелер береді. Қызметті мотивациялаумен оны ынталандыру тығыз байланысты. Ынталандыру – ойға, сезімге және іс-қимылға ояту, түрткі, күш беру. Студент тұлғасына патриоттық тәрбиелеу факторының әсерін нығайту және күшейту мақсатында ынталандырудың әр түрлі әдістерін қолданады, олардың арасында жарыс, көтермелеу, жазалау және т.б. аса кең таралған болып табылады.

Тәрбиелеу процесінде жарыс адамға салауатты бақталастыққа, басымды-лыққа, озықтыққа, өзін танытуға ұмтылу жоғары дәрежеде тән болуының күмәнсіз әлеуметтік-психологиялық фактісі есепке алынып, тәрбиелеу процесінің субъектісімен құрылады. Студенттерді еңбекте және қоғамдық қызметте ең үздік нәтижелерге жету үшін күреске қатыстыру артта қалушыларды озықтар қатарына шығарады, белсенділік, ынталылық, жаңашылдық, жауапкершілік және ұжымшылдық сияқты патриоттық қасиеттердің дамуын ынталандырады.

Көтермелеу – бұл студентті дұрыс, ынталы, шығармашылық қызметке сырттай белсенді ынталандыру, ояту әдісі. Ол студенттер табыстарының қоғамдық танылуы, марапаттау, олардың рухани және материалдық қажеттіліктерін кезекпен қанағаттандыру көмегімен жүзеге асырылады. Мақтау білдіру, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің ұлы тұлғасының өнегесін қолдануға шақыру – осының барлығы тәрбиелеу процесін ұйымдастырушы пайдаланатын әр түрлі тәсілдер.

Мәжбүрлеу – бұл студенттерге кінәсін мойындауды және өз тәртібін түзетуді қаламауына қарамастан, өз міндеттерін орындауға түрткі болатын шараларды қолдану. Ол сендіруге және патриоттық тәрбиелеудің басқа әдістеріне сүйенген жағдайда ғана педагогикалық дұрыс қолданылады. Мәжбүрлеуді ақылмен пайдалану керек, оған қызықпау және оны асыра пайдаланбау керек.

Ынталандыру әдістері. Олар мақұлдаудан, кінәлаудан, бақылаудан, өзін-өзі бақылаудан тұратын әдістер тобын білдіреді.

Барлық төрт әдіс те студенттердің қызметін, әрекеттерін, тәртібін ынталандыру мақсатында немесе керісінше, егер олар жағымсыз сипатта болса, оларды тоқтата тұру (рестимуляция) мақсатында пайдаланылуы мүмкін. Әдістер қосымша болып табылады және тәрбиелеуді ұйымдастырушылар тарапынан әдепті қатынасты талап етеді.

Мақұлдау әдісі қызметтің, тәртіптің, студенттердің білдіретін патриоттық қасиеттері немесе қатынастарының дұрыс бағалануы туралы куәландырады, ол кураторлармен немесе студенттер ұжымымен беріледі. Әдіс студенттерде дұрыс эмоциялардың (сенімділіктің, қанағаттанудың, мақтанудың) пайда болуына мүмкіндік туғызады, олардың таңдаған ұстанымының дұрыстығын растайды. Ол мақтау, алғыс, грамотамен немесе құнды сыйлықпен марапаттау, газеттегі мақалалар, құрмет тақтасындағы фотосуреттер және т.б. түрінде қолданылуы мүмкін.

Кінәлау әдісі қызметті, тәртіпті, студенттердің білдіретін қасиеттері мен қатынастарын теріс бағалауды білдіреді, ол тәрбиелеуді ұйымдастырушылар-мен беріледі. Берілген әдісті қолдану студенттерде жағымсыз күйзелістер (ұялу, күйзелу, өкіну, сенімсіздік және т.б.) тудырады. Бірақ егер студенттер оқиғалар мен өз әрекеттерін сын тұрғысынан талдаса, тәртіп

пен моральдың заңды нормаларына сәйкес келмейтін сол немесе басқа қасиеттерді жеңу жолдарын белгілесе, демек, әдіс сәтті қолданылған және мақсатқа қол жеткізілген.

Басқа реакция да болуы мүмкін: студенттер лайықсыз әрекеттеріне өкінбейді, өзіне талғампаз болмайды, өзінің тәртібін қайта қарастырмайды – бұл жағдайда кінәлау әдісі сәтсіз пайдаланылған деген тұжырым жасау керек. Бәлкім, әдістің барабар емес түрі таңдалған, студенттердің іс-қимылдарының себептері ескерілмеген, не болмаса олардың адамгершілігі қорланған, не болмаса жастардың болжанбайтын реакциясының басқа себептері болған шығар. Тәрбиелеу процесін ұйымдастырушылар өздерінің іс-қимылдарын мұқият талдауы, сәтсіздік себептерін және әдісті қолданудың басқа параметрлерін анықтауы қажет.

Кінәлау әдісі ескерту, түсіндіру, қайта сендіру, талқылау, сөгіс жариялау, жоғары оқу орнынан шығару түрлерінде іске асырылуы мүмкін.

Патриоттық тәрбиелеудегі бақылау, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі бағалау әдістері

Патриоттық тәрбиелеу процесін басқару оның нәтижелілігін сипаттайтын кері байланыссыз мүмкін емес. Бұл функцияны орындауға тәрбиелеудегі бақылау, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі бағалау әдістері көмектеседі.

Бақылау әдісі студенттер қызметі мен іс-әрекетінің барысын немесе нәтижелерін, олардың тапсырмалар мен міндеттерді орындауын тексеру мақсатында пайдаланылады. Берілген әдіс әңгімелесу, бақылау, жиналыста есеп беру, еске салу, қызметін бағалап жазбаша бұйрық беру, тестілеу түрінде берілуі мүмкін.

Негізгі бақылау түрлеріне мыналар жатады: студенттерді педагогикалық бақылау; патриоттық қасиеттердің тәрбиеленгендігін айқындауға бағытталған әңгімелесу; сұрақ-жауаптар (сауалнама, ауызша және т.б.); қоғамдық пайдалы қызмет нәтижелерін талдау; тәрбиеленушілердің патриоттық тәртібін зерделеу үшін жағдайлар жасау.

Өзін-өзі бақылау әдісін студент өзінің дамуын мен тәрбиесін ынталандыру немесе тексеру үшін өз-өзіне қолданады. Оны білдіру түрлері: ойлау, өз-өзі бақылау, өз-өзіне бұйрық беру, рефлексия, тестілеу.

Студенттердің тәрбиеленгендігі көрсеткіштері туралы олардың қызметтің барлық негізгі түрлеріне (Республика күніне, Конституция күніне, Жеңіс күніне арналған іс шараларды, дөңгелек үстелдерді, диспуттарды және т.б. ұйымдастыруға) қатысу дәрежесі және осы қатысудың нәтижелілігі бойынша айтуға болады.

Болашақ маманды оқытумен қатар оның жеке тұлғасын патриоттық тәрбиелеу студенттерді Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев тұлғасының өнегесінде студенттерді патриоттық тәрбиелеу моделінің маңызды функциясы болып табылады. Студенттерді тәрбиелеудегі жетекші роль университеттің профессорлық-оқытушылар құрамына, ғалым-дарына тиесілі. Қазақстанда оқытушы ылғи да тәрбиеші болған, бірақ бүгінгі күні тәрбие аға ұрпақтан жас ұрпаққа тәжірибе мен баға қоятын пікірлерді бір мезгілде беру ретінде емес, ал оқытушылар мен студенттердің олардың бірлескен оқу және оқудан тыс қызметі саласындағы өзара әрекеттесуі және ынтымақтастығы ретінде түсіндірілуі мүмкін және түсіндірілуі тиіс.

Тәрбиелеу тұжырымдамасын **іске асырудың** маңызды **шарттарына**: тәрбиелеуге күш салудың нақты соңғы нәтижесіне – шығарылатын мамандардың сапасын жоғарылатуға бағдарлануды; студенттік ұжымдардың шығарма-шылық белсенділігіне сүйенуді; тәрбиелеу процесінде ынталандырудың, көтермелеудің және кінәлаудың, жастар туралы әлеуметтік қамқорлық проблемаларын шешу арқылы тәрбиелік әсер ету міндеттерін үйлестірудің икемді жүйесін тиімді пайдалануды; профессорлық-оқытушылар құрамының студенттермен тәрбиелеу жұмысындағы белсенді ұстанымын; кафедралардағы, факультеттердегі және университеттің басқа бөлімшелеріндегі тәрбиелеу жұмысын оңтайлы жоспарлауды жатқызу керек.

Патриотизм – Отанның бостандығы мен тәуелсіздігі үшін ғасырлар бойындағы күреспен бекітілген, аса терең сезімдердің бірі, сондықтан куратор, педагог өзінің тәрбиеленушісінде берілген сезімді қаншалықты дамыта алса, тұтас алғанда біздің қоғам соншалықты біріккен және толерантты болады, сондықтан жалпы алғанда тәрбиелеу проблемалары, атап

айтқанда патриоттық тәрбиелеу, соның ішінде педагогикалық өзін-өзі жетілдіру үшін маңызды, Отанға және оның құндылықтарына патриоттық көзқарас бойынша педагог-тардың жеке үлгісі әдісінің маңызды екені күмәнсіз.

Тәрбиелеудің дәстүрлі де, белсенді де түрлері мен әдістерін пайдалану студентке өзінің ынтасын айқындауға, бағалауға, «ойлауға» және әр түрлі проблемаларды шешуге шығармашылықпен қарауға және олар үшін жауапты болуға мүмкіндік беретін уақыт талабы болып табылады. Сонымен бірге, әдістемелік нұсқауларда ұсынылған ережелерді пайдалану оқытушының куратор сағаттарын жобалаудың шығармашылық процесін белсенділендіреді, педагогтың жұмысы қарқындырақ және қызықтырақ болады.

Әрине, студенттердің белсенділігі неғұрлым артық болса, олар үшін өздері дайындауға және өткізуге тікелей қатысқан оқиғалар соғұрлым аса маңызды болады. Сондықтан сәйкес шараларды ұйымдастыруға мүмкіндігінше көбірек студенттерді қатыстыру қажет.

Әдістемелік нұсқауларда ұсынылған дәстүрлі емес нысандар мен әдістерді пайдаланбаған педагогтардың олармен танысып, берілген бағытта алғашқы қадамдар жасап көретініне, ал оларды үнемі пайдаланушылардың өздерінің кәсіби қызметі үшін жаңа және пайдалы мәлімет таба алатынына сенімдіміз.

ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

- 1 Об образовании: Закон Республики Казахстан // Казахстанская правда. 2007. 27 июля.
- 2 Пионова Р.С. Педагогика высшей школы: учеб. пособие / Р.С. Пионова. – Мн.: Университетское, 2002. – 256 с.
- 3 Лихачев Б.Т. Педагогика: Курс лекций: учеб. пособие для студентов пед. учеб. заведений и слушателей ИПК и ФПК. – 4-е изд., перераб. и доп. – М.: Юрайт-М, 2001. – 607 с.
- 4 Слостенин В.А. и др. Педагогика: учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений / В.А. Слостенин, И.Ф. Исаев, Е.Н. Шиянов; Под ред. В.А. Слостенина. – М.: Издательский центр «Академия», 2002. – 576 с.
- 5 Педагогика и психология высшей школы: учебное пособие. – Ростов н/Д: Феникс, 2002.
- 6 Смирнов С.Д. Педагогика и психология высшего образования: от деятельности к личности: учеб. пособие / С.Д. Смирнов. – М.: Аспект Пресс, 1995.
- 7 Подласый И.П. Педагогика. Новый курс: учебник для вузов в 2 кн./ И.П. Подласов. – М.: Владос. Кн. 1.: Общие основы. Процесс обучения. – 2001.
- 8 Петрушенко Т.К. Современные тенденции в образовании и задачи патриотического воспитания: учебно-методические материалы. – Санкт-Петербург, 2005.
- 9 Педагогика / Под ред. П.И. Пидкасистого. – М., 1996.
- 10 Харламов И.Ф. Педагогика. – М.: Гардарики, 1999. – 520 с.
- 11 Исаева З.А., Мынбаева А.К., Садвокасова З.М. Активные методы и формы обучения в высшей школе: учебно-методическое пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 122 с.

ИЗУЧЕНИЕ КРАЕВЕДЕНИЯ КАК ОСНОВА ВОСПИТАНИЯ ПАТРИОТИЗМА

Бекмагамбетова М.Ж.,

Костанайский государственный педагогический институт, г. Костанай

Бекмагамбетов Р.К.,

Костанайская академия МВД РК, г. Костанай

В современном информационном потоке материала о воспитании патриотизма достаточно много, но переоценить данный процесс невозможно. Тема имеет актуальное значение, на нее обращают внимание и Глава государства Н.А. Назарбаев, и общественные институты, и государственные структуры. В решении задач воспитания казахстанского патриотизма активную позицию занимает и система образования. Важным элементом в данной системе являются занятия по краеведению, позволяющие воспитать чувство патриотизма у студентов. Курс «Историческое краеведение» изучается студентами специальности «История», с